

Растрлық және векторлық графикалық редакторлар

1-тапсырма. Төменде берілген растрлық және векторлық графикалық редакторлар программаларын сол жақ батырмамен жылжыту арқылы орналастыр

Растрлық
графикалық
редакторлар

Векторлық
графикалық
редакторлар

GimpPortable Paint.NET Adobe Illustrator Photo Brush
Adobe Photoshop Corel Photo-Paint Corel Draw Paint
Open Office Image Компас 3-D Micrografx Designer Photo Finish
Microsoft Draw Open Office Draw

2-тапсырма

Paint.NET графикалық редакторының жұмыс істеу ерекшеліктері ретінде төмендегілерді атауға болады:

Тапсырманы орындау үшін дұрысын сол жақ батырмамен белгілейміз

- қарапайым және қолжетімді интерфейстің болуын
- бір уақытта бірнеше суретпен жұмыс істей алуын
- эффектілер (әсерлер) кітапханасының аздығын
- суреттерге мәтін кірістіру болатындығын
- кескіндердің 1%-дан 32%-ға дейін масштабын өзгерте алуын
- кескіндер үшін көптеген арнайы эффектілер, олардың ішінде жарықтылық, контраст, қанықтылық сияқты әсерлер енгізе мүмкіндігінің болуын
- қызыл көзді жою әсері, айқындықты арттыру
- қызыл көзді жою әсері жоқ

3-тапсырма

Photo Brush графикалық редакторының мүмкіндігіне жататын мәліметтерді ғана сол жақ батырмамен белгіле

- қарапайым және қолжетімді интерфейсінің болуын
- фотосуреттерді суретке айналдыру функциясының жоқ
- фотосуреттердің сапасын жақсарту алуын
- суретті масштабтау, сурет салу мүмкіндігін;
- штамппен жұмыс, құйып бояу, дайын суреттерді қоса алуын.
- бейнежазба жасау мүмкіндігі бар